

БЕКІТІЛДІ

«Павлодар мұнайхимия зауыты»
 жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
 Жалғыз қатысушысының шешімімен,
 «ҚазМұнайГаз» УК АҚ Басқарма отырысының

2021 жылғы 27 2021 жылғы 27 хаттамасы №18



**«ПАВЛОДАР МҰНАЙХИМИЯ ЗАУЫТЫ»
 ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТИГІНІҢ
 ЖАРҒЫСЫ**

Павлодар қаласы
 2021 жылы

1-БАП. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Павлодар мұнайхимия зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылды, заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңы (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілері (бұдан әрі - Заңнама) мен осы Жарғы (бұдан әрі - Жарғы) негізінде және соларға сәйкес жузеге асырады.

2. Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы Заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін «КазМұнайГаз» ҰК АҚ болып табылады, ол Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев к-сі, 8-үй мекенжайы бойынша орналасқан.

Банктық реквизиттері: БСН: 020240000555; «Қазақстан Халық Банкі» АҚ банк шоты ұлттық валюта «тенgede», KZ356010111000002033, SWIFT/ БСК: HSBKKZKX, Кбе 16

3. Серіктестік төмендегі кез-келген фирмалық атауларын қолданады:

мемлекеттік тілдегі толық атауы - «Павлодар мұнайхимия зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, қысқартылған атауы – «ПМХЗ» ЖШС;

орыс тілінде толық атауы - Товарищество с ограниченной ответственностью «Павлодарский нефтехимический завод», қысқартылған атауы – ТОО «ПНХЗ»;

ағылшын тіліндегі толық атауы: «Pavlodar Oil ChemistryRefinery» limited liability partnership, қысқартылған атауы – «POCR» LLP.

4. Серіктестіктің орналасқан орны және мекенжайы: 140000, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Химкомбинат көшесі, 1-үй.

5. Серіктестіктің қызмет ету мерзімі шектеусіз.

2-БАП. СЕРИКТЕСТИКТІҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

6. Серіктестік мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға құқығына ие болады. Серіктестіктің мемлекеттік және орыс тілдерінде толық фирмалық атауы көрсетілген мөрі, дербес балансы, банктерде есеп-шоттары, өз атауы жазылған бланктері, тауар белгісі бар. Серіктестік өз қызметінің мақсатына жету үшін өз атынан мәмілелер жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленуге, міндетті болуға, сotta талапкер және жауапкер болуға, сондай-ақ Заңнамаға қайши келмейтін басқа әрекеттер жасауға құқылы.

7. Серіктестік басқа заңды тұлғалар бірлестіктеріне (одақтарына) кіруге, Заңнамада және Жарғыда көзделген тәртіпте басқа заңды тұлғалардың қатысушысы болуға, сондай-ақ орналасқан орнынан тыс жерлерде филиалдар кіргана және өкілдіктер ашуға құқылы.

8. Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктері белгіленген тәртіпте бекітілген олар туралы ережеге сәйкес әрекет етеді және өз қызметінде Қазақстан Республикасының, тіркелген елдің заңнамасын және Жарғының басшылыққа алады.

9. Филиалдардың немесе өкілдіктердің қызметін белгіленген тәртіпте тағайындалған тұлғалар басқарады. Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары тиісті ережелер, сондай-ақ Серіктестік берген сенімхаттар негізінде әрекет етеді.

10. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасында, шетелдік заңды тұлғалардың тіркелген елінде және Жарғысында белгіленген тәртіпте заңды тұлғаларды - Қазақстан Республикасының резиденттерін, сондай-ақ шетелдік заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне қатысуға құқылы.

11. Серіктестіктің қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық тәуелсіздік негізінде жузеге асырылады.

12. Серіктестіктің меншік құқығында оқшауланған мүлкі бар, өзіне тиесілі мүлік шегінде өз міндеттемелері үшін жауап береді және Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, Жалғыз қатысушының міндеттемелері үшін жауап бермейді.

13. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің міндеттемелері үшін жауап бермейді және Серіктестік қызметіне байланысты шығындар тәуекелін өзі енгізген жарна құны шегінде көтереді. Серіктестік

өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді. Мемлекет Серіктестіктің міндеттемелері үшін жауап бермейді, сондай-ақ Серіктестік мемлекет міндеттемелері үшін жауап бермейді.

14. Серіктестік өзінің қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелерін бухгалтерлік есепке алады, Заңнамаға сәйкес статистикалық және қаржылық есептілікті жасайды.

15. Серіктестік белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде орналасқан банктерде және басқа қаржы ұйымдарында ұлттық және шетелдік валютада шоттар ашуға құқылы.

16. Серіктестік Заңнамамен және Жарғымен тыйым салынбаган өзге де құқықтарға ие бола алады және басқа да міндеттерді жүктей алады.

3-БАП. СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТИНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ

17. Серіктестік қызметінің мақсаты – дербес шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында таза пайда табу.

18. Серіктестіктің қызмет түрлері:

- 1) мұнайды өндеу, мұнай өнімдерін өндіру және өткізу;
- 2) мұнай мен мұнай өнімдерін сақтау қызметтері;
- 3) кәсіпорындар мен ұйымдардың өнеркәсіптік, коммерциялық, ғылыми-техникалық қызметтеріне қаражат жұмсау;
- 4) консалтингтік және инжинирингтік қызметтерді көрсету;
- 5) коммуникациялар, көлік және энергетика салаларында ғылыми-техникалық жобаларды әзірлеу және іске асыру;
- 6) химиялық тазартылған және тұзсыздандырылған су өндірісі және оны өткізу;
- 7) оттек өндірісі және оны өткізу;
- 8) жылумеханикалық және электртехникалық құрал-жабдықтарды, қазандық қадағалау обьектілерін жөндеу және күйлеу;
- 9) құрылыш және жөндеу-құрылыш жұмыстары;
- 10) бағалы қағаздармен және асыл металдармен операциялар жүргізу;
- 11) ауылшаруашылық өнімді, тамақ және басқа өнім түрлерін сатып алу, өндеу және өткізу;
- 12) сауда-саттық және дедалдық қызмет;
- 13) көтерме, бөлшек және комиссионды сауда;
- 14) демалу аймақтарын ұйымдастыру және пайдалану;
- 15) барлық абонент санаттарына электр және радио байланыс саласындағы қызмет түрлерінің барлығын ұсыну;
- 16) телекоммуникациялық және ақпараттық қызметтерді көрсету үшін Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде менишікті телекоммуникация жүйелерін пайдалану және жалға беру, сондай-ақ жалға алынған телекоммуникация жүйелерін пайдалану;
- 17) коммуникациялар, көлік және энергетика саласындағы жобалар мен жұмыстарға қаражат аудару және қаржыландыру;
- 18) халық тұтынатын тауарларды өндіру және өткізу;
- 19) байланыс, энергетика және т.б. обьектілерін жобалау және салу;
- 20) экономикалық, қаржы және сауда байланыстарын дамытуға бағытталған сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру;
- 21) өндірістің пайдаланылған шикізаты мен қалдықтарын жинау, өндеу, пайдалану және өткізу;
- 22) мұнай және мұнай өнімдерінің зертханалық талдаулары.

19. Заңнамада белгіленген тәртіpte алуға қажетті лицензияның немесе басқа бір рұқсаттама түрінің бар болуын талап ететін қызмет түрлері тиісті лицензияларды немесе басқа рұқсаттама түрін алғаннан кейін жүзеге асырылады.

4-БАП. ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

20. Жалғыз қатысуши:

1) Заңнамамен және осы Жарғымен көзделген тәртіпте Серіктестік істерін басқару жұмысына қатысуға;

2) Жарғыда белгіленген тәртіпте Серіктестік қызметі туралы ақпарат алуға, Серіктестіктің бухгалтерлік және басқа құжаттамасымен танысуға;

3) Заңнамаға, осы Жарғыға және Жалғыз қатысушының шешімдеріне сәйкес Серіктестік қызметінен пайда алуға;

4) Серіктестік таратылған жағдайда кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін қалған мүлік бөлігінің тиісті құнын немесе Жалғыз қатысушының шешімі бойынша осындай мүліктің бөлігін заттай түрде алуға;

5) Заңнамаға сәйкес өз үлесінің бір бөлігін иеліктен шығаруға немесе өзінің Қатысу үлесін толықтай иеліктен шығара отырып, Серіктестікке қатысуын тоқтатуға;

6) Серіктестік органдарының оның Заңнамада және (немесе) осы Жарғыда көзделген құқықтарын бұзатын шешімдеріне сот тәртібінде дау айтуға;

7) аудиторлық ұйымның Серіктестіктің қаржылық есебіне тексеру жұмыстарын өз қаражаты есебінен жүргізуі талап етуге құқылы.

Жалғыз қатысушы Заңмен және Жарғымен көзделген басқа да міндеттерді иелене алады.

21. Жалғыз қатысушы:

1) осы Жарғының талаптарын сактауға;

2) осы Жарғымен көзделген тәртіпте, мөлшерде және мерзімде Серіктестіктің жарғылық капиталына салымдар енгізуге;

3) Серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жарияламауға;

4) Бас директорға (Басқарма төрағасына) Жарғының 2-тармағында көрсетілген Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы туралы ақпараттың өзгергені туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.

Жалғыз қатысушыға Жарғымен, Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен көзделген басқа да міндеттемелер жүктелуі мүмкін.

5-БАП. ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫҒА ЖӘНЕ СЕРІКТЕСТИКТЕ ҮЛЕСТЕРДІ САТЫП АЛУШЫЛАРҒА СЕРІКТЕСТИК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ БЕРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

22. Серіктестік өз қызметі туралы ақпаратты корпоративтік веб-сайтта (www.pnhz.kz) жриаялады.

23. Жалғыз қатысушының және үлестерді сатып алушылардың талабы бойынша Серіктестік оларға осы Жарғыда белгіленген тәртіпте құжаттардың көшірмелерін беруге міндетті.

24. Серіктестіктің Жалғыз қатысушының мүдделерін қозғайтын қызметі туралы ақпаратты беру Заңнамаға және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

Жалғыз қатысушының мүдделерін қозғайтын ақпараттар:

1) Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы, Қадағалау кенесі, Ревизиялық комиссия (Ревизор) кабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;

2) Серіктестіктің қарызы және қаржылық көмек беруі және алуы;

3) Серіктестіктің кез-келген қызмет түрін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір әрекеттерді жасауға, олардың әрекеттерін тоқтата тұруға немесе тоқтатуға лицензия алу, сондай-ақ Серіктестіктің кез-келген қызмет түрін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі бір әрекеттерді жасауға бұрын алған лицензияларының күшін жою;

4) Серіктестіктің мүлкін толығымен немесе бір бөлігін тәркілеу немесе кепілге қою;

5) баланстық құны Серіктестіктің жалпы активтерінің он немесе одан да көп пайызын құрайтын, нәтижесінде Серіктестіктің мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдайлардың туындауы;

6) Серіктестікті және оның лауазымдық тұлғаларын Серіктестік қызметіне қатысты теріс қылыштар ушін әкімшілік жаупкершілікке тарту;

7) Серіктестікті мәжбүрлеп қайта құру туралы шешім;

8) аудиторлық есеп (болған жағдайда);

9) корпоративтік дау бойынша сotta істі қозғау туралы ақпарат;

10) Заңнамаға және Жалғыз қатысушының шешіміне сәйкес, Жалғыз қатысушының мүдделерін қозғайтын өзге де ақпарат.

25. Серіктестік Жалғыз қатысушының мүдделерін қозғайтын Серіктестік қызметі туралы ақпаратты Жалғыз қатысушының назарына туындаған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жеткізуге міндетті.

26. Сотта корпоративтік дау ісінің қозғалуы туралы ақпарат Жалғыз қатысушыға Серіктестік тиісті сот хабарламасын немесе корпоративтік дау бойынша азаматтық іске шақыруды алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылуы тиіс.

27. Жалғыз қатысушының оған басқа ақпаратты немесе Жарғының осы бабында көрсетілген құжаттардың көшірмелерін ұсыну туралы сұранысы бойынша Серіктестік, сұрау салуды алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей, егер сұрауда басқа шарттар белгіленбесе, оларды өтініш берушіге белгіленген тәртіpte беруге міндетті.

28. Жалғыз қатысушыға мәлім болған Серіктестіктің «Құпиялы», «Қызметтік пайдалану үшін» белгілері бар қызметі туралы ақпаратты Заңнамада көзделген жағдайларда, олардың құзыretі мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарын қоспағанда, жазбаша тұрдегі немесе басқа нысанда үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін емес.

29. Жарғылық капиталда қатысу үлестерін сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты беру, ақпарат беру тәртібі және көлемі тараптар белгіленген тәртіpte қупия ақпаратты жария етпеу туралы келісімге қол қойғаннан кейін, осындай үлестерді сатып алу туралы алдын-ала жасалған шарттың шенберінде тараптардың келісімі бойынша белгіленеді.

30. Серіктестіктің қызметіне қатысты және Қазақстан Республикасының «Шаруашылық серіктестіктер туралы» Заңында көрсетілген құжаттар Серіктестіктің атқарушы органдарының орналасқан жерінде, Серіктестік қызмет ететін мерзім бойы сақталады.

Басқа құжаттар Заңнамаға және Серіктестіктің ішкі құжаттарына сәйкес белгіленген мерзімде сақталады.

31. Серіктестік өзінің үлестес тұлғаларының есебін осы тұлғалар берген мәліметтер негізінде жүргізеді.

Серіктестіктің үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалары Серіктестікке үлестік туындаған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде өздерінің үлестес тұлғалары туралы мәліметті ұсынуға міндетті. Үлестестігі тоқтатылған жеке және заңды тұлғалар үлестестік тоқтатылған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Серіктестікке хабарлайды.

6-БАП. СЕРІКТЕСТИКТІҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ МЕН МУЛКІ

32. Серіктестіктің жарғылық капиталы **243 846 240 000 (екі жүз қырық үш миллиард сегіз жүз қырық алты миллион екі жүз қырық мың)** теңгені құрайды.

33. Ақша, бағалы қағаздар, заттар, мұліктік құқық, соның ішінде жер пайдалану құқығы мен зияткерлік қызмет нәтижелеріне және басқа мұлікке қатысты құқық Серіктестіктің жарғылық капиталына салым болып табылады.

Жеке мұліктік емес құқық және басқа материалдық емес игіліктер түрінде салым енгізуге тыйым салынады.

34. Серіктестік мұлкі Қатысушылардың жарғылық капиталға жасаған бастапқы жарналары, қосымша жарналар, шаруашылық және кәсіпкерлік қызметтен түскен пайда, сондай-ақ карызға алынған қаражат пен Серіктестік Заңнамамен тыйым салынбаған тәртіpte сатып алған немесе алған басқа мұлік есебінен қалыптасады.

35. Жалғыз қатысушының шешімі бойынша Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері өзгертулуй мүмкін.

36. Серіктестіктің жарғылық капиталын өзгерту (ұлғайту немесе азайту) Заңнамамен көзделген тәртіpte жүзеге асырылады.

37. Серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайту:

- 1) Жалғыз қатысушының қосымша салымдары арқылы;
- 2) Серіктестіктің меншікті капиталы есебінен, соның ішінде оның резервті капиталы есебінен;

3) Серіктестік құрамына жаңа Қатысушыларды қабылдау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Серіктестіктің жарғы капиталын Заңнамамен белгіленген ең кіші мөлшерінен төмен санына кемітүге жол берілмейді.

38. Серіктестіктің мүлкі оның балансында есепке алынады.

39. Қаржылық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін Серіктестік Заңнамада және осы Жарғыда белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасында, сондай-ақ шетелдік банктерде немесе өзге де қаржылық ұйымдарда тенгеде және (немесе) шетел валютасында несие түрінде қаржыландыруды тартуға құқылы.

40. Серіктестік резервтік капиталды және (немесе) серіктестіктің залалдары мен шығындарын жабу үшін қажетті басқа қорларды құра алады. Резервтік капиталға және (немесе) қорларға жыл сайынғы аударымдардың мөлшері Жалғыз қатысушының шешімімен анықталады.

7-БАП. СЕРІКТЕСТІК ОРГАНДАРЫ

41. Серіктестік органдары:

- 1) жоғарғы орган – Жалғыз қатысушы;
- 2) бақылау-қадағалау органдары – Қадағалау кеңесі;
- 3) алқалы атқарушы орган – Басқарма;

4) басқарушы орган – Ревизиялық комиссия (Ревизор) (*қажет болған жағдайда Жалғыз қатысушының шешімі бойынша құрылады*).

Серіктестіктің лауазымдық тұлғалары Қадағалау кеңесінің төрағасы және мүшелері, Серіктестік Басқармасының төрағасы мен мүшелері болып табылады.

8-БАП. ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫ

42. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің қызметін жеке өзі басқарады, заңнамамен және Жарғымен оның құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешеді. Жалғыз қатысушының шешімдері жазбаша ресімделеді.

43. Жалғыз қатысушының шешім қабылдауы үшін мәселелер дайындауды Серіктестік Басқармасы жүзеге асырады.

Жалғыз қатысушының қарауына мәселелерді шығаруға Серіктестік Басқармасы немесе Серіктестіктің Қадағалау кеңесі бастамашылық жасайды.

Тарату процесінде Жалғыз қатысушының қарауына мәселелерді шығаруға Серіктестіктің тарату комиссиясы да бастамашы бола алады.

Жалғыз қатысушының қарауына мәселелерді шығару жөніндегі шығыстарды заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда, Серіктестік көтереді.

Жалғыз қатысушының қарауына шығарылатын мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпарат болуға тиіс.

44. Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне мыналар жатады:

1) Жарғының жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жері мен фирмалық атауын өзгертуді қоса алғанда, оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе Жарғыны жаңа редакцияда бекіту;

2) Серіктестіктің корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;

3) Басқарма мүшелерін, оның ішінде Бас директорды (Басқарма төрағасын) сайлау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Басқарма туралы ережені бекіту;

4) Серіктестікті (Серіктестіктің жарғылық капиталындағы қатысу үлесін) немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім және осындай беру шарттарын айқындау;

5) Қадағалау кеңесінің мүшелерін, оның ішінде төрағаны сайлау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Қадағалау кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оларға сыйакы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау, Қадағалау кеңесі туралы ережені бекіту;

6) Тексеру комиссиясының (Тексерушінің) мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Тексеру комиссиясының (Тексерушінің) сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Тексеру комиссиясы (Тексеруші) туралы ережені бекіту, сондай-ақ Серіктестіктің Тексеру комиссиясының (Тексерушісінің) есептері мен қорытындыларын бекіту;

7) қаржылық есептілікті бекіту, Серіктестіктің тоқсандық, жартышқылдық немесе жылдық қызметінің нәтижелері бойынша алынған таза табысын бөлу, өткен кезеңдер үшін бөлінбegen пайданы бөлу;

8) егер Заңға сәйкес аудит жүргізу міндетті болып табылған жағдайда Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды айқындау;

9) Жалғыз қатысушы бекіткен тізбе бойынша Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ішкі қағидаларды, оларды қабылдау рәсімдерін және басқа да құжаттарды бекіту, оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу, сондай-ақ олардың күші жойылды деп тану;

10) Серіктестіктің өзге шаруашылық Серіктестіктерге, коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы, сондай-ақ занды тұлғаларды құру (занды тұлғаларды құруға қатысу туралы), басқа занды тұлғалардың акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үlestерін) сатып алу және (немесе) иеліктен шығару туралы шешім қабылдау;

11) Серіктестіктің қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім шығару;

12) тарату комиссиясын тағайындау және тарату баланстарын бекіту;

13) Серіктестікке қатысушыдан үlestі мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім шығару;

14) Серіктестіктің барлық мүлкін кепілге салу туралы шешім шығару;

15) Заңға сәйкес Серіктестік мүлкіне қосымша жарналар енгізу туралы шешім шығару;

16) Жалғыз қатысушыға және үlestерді сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы аппарат беру тәртібі мен мерзімдерін бекіту;

17) нәтижесінде Серіктестік құны Серіктестік активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің **елу бір және одан көп пайызын** құрайтын мүлікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілені немесе жиынтығында бір-бірімен өзара байланысты мәмілелер жасасуды мақұлдау туралы шешім шығару жатады.

Бұл ретте, Серіктестіктің нәтижесінде құны макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамында айқындалған бағам бойынша теңгемен **110 000 000 (бір жұз он миллион) АҚШ долларына** баламалы шектен асатын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасауы (базалық сценарий) тиісті кезеңде "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ Директорлар кеңесімен келісу бойынша жузеге асырылады», алайда шикі мұнайды және (немесе) газ конденсатын және (немесе) өндіреу өнімдерін өндіреу жөніндегі шарттарды қоспағанда;

18) Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде филиалдар құру және өкілдіктер ашу туралы шешім, сондай-ақ филиалдар мен өкілдіктерді тарату және жабу туралы шешім қабылдау;

19) **20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңгеден** асатын сомаға Серіктестіктің қаржылық міндеттемелерін (қарыздар, қаржылық көмек, қаржылық кепілдіктер және кредитор Жалғыз қатысушы және/немесе оның еншілес ұйымы болып табылатын жағдайларды қоспағанда, Серіктестіктің қаржылық борышын ұлғайтатын кез келген басқа да міндеттемелер) ұлғайту туралы шешім.

20) Серіктестіктің салықтық, есептік, инвестициялық, өндірістік-шаруашылық, ғылыми-техникалық саясатын бекіту;

21) Заңнамада және (немесе) Жарғыда көзделген өзге де мәселелер, сондай-ақ Жалғыз қатысушысы және (немесе) "Самұрық-Қазына" АҚ бекіткен (қабылданған) құжаттармен (шешімдермен) Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер.

45. Жалғыз қатысушы Жарғыда оның құзыреті қалай айқындалғанына қарамастан, Серіктестіктің қызметіне байланысты кез келген мәселені қарауға қабылдауға құқылы.

46. Жалғыз қатысушы Серіктестіктің өзге органдарының Серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер жөніндегі кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

47. Жалғыз қатысушының Серіктестік қызметіне қатысты кез келген мәселелер бойынша шешімдері жалпыға бірдей міндетті болып табылады және мұлтіксіз орындалуға жатады.

48. Жалғыз қатысушының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді ол Серіктестіктің өзге органдарының қарауына бере алмайды.

9-БАП. ҚАДАҒАЛАУ КЕҢЕСІ

49. Қадағалау кеңесі Басқарманың қызметін бақылауды жүзеге асыратын орган болып табылады және өз қызметін Заңнамаға, Жарғыға, сондай-ақ Серіктестіктің ішкі құжаттарына сәйкес ұйымдастырады.

Қадағалау кеңесі Жалғыз қатысушының алдында жауапты болады.

Қадағалау кеңесі Басқарманың қызметін тұрақты бақылауға, Серіктестіктің жұмыс істеуінің Заңнамаға және Жарғыға сәйкес жүзеге асырылуын қадағалауға міндетті.

Қадағалау кеңесі Басқарманың қызметіне бақылауды тиісінше жүзеге асырмауы салдарынан Серіктестікке және үшінші тұлғаларға келтірілген залалдар үшін Қадағалау кеңесінің мүшелері заннамаға сәйкес жауапты болады.

50. Басқарма қызметіне бақылауды жүзеге асыру мақсатында Қадағалау кеңесі өз бастамасы бойынша Жалғыз қатысушы мен Қадағалау кеңесі шешімдерінің орындалуы туралы есептерді, сондай-ақ Серіктестік қызметінің мәселелері бойынша кез келген өзге де құжаттаманы немесе акпаратты сұратуға құқылы.

Қадағалау кеңесі Жалғыз қатысушының сұрау салуы бойынша оның қарауына Серіктестіктің қызметін тұтастай бағалауды және оның қызметін жақсарту жөніндегі ұсыныстарды қамтитын есепті ұсынуға міндетті.

51. Серіктестіктің Қадағалау кеңесі кемінде үш мүшесі болып 5 (бес) жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Қадағалау кеңесінің мүшесі бір мезгілде төраға немесе Басқарма мүшесінің лауазымын атқара алмайды.

Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің құрамына сайланған адамда р шектеусіз рет кайта сайланған алады.

Қадағалау кеңесінің мүшесі байқау кеңесіне бұл туралы жазбаша өтініш береді, кез келген уақытта өз міндеттерін одан әрі орындаудан бас тарта алады.

Қадағалау кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Қадағалау кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Жалғыз қатысушының шешімімен жүзеге асырылады, бұл ретте Қадағалау кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтастай алғанда Қадағалау кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

52. Қадағалау кеңесін төраға басқарады, оны Қадағалау кеңесі мүшелерінің арасынан Жалғыз қатысушы тағайындаиды.

Қадағалау кеңесі қарайтын мәселелер бойынша шешімдер Қадағалау кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыс беру кезінде Қадағалау кеңесінің әрбір мүшесі бір дауыска ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда, Жарғының 53-тармағына сәйкес Қадағалау кеңесінің төрагасы немесе оның функцияларын атқаратын адам дауыс берген шешім қабылданады.

Серіктестіктің Қадағалау кеңесі, егер оның отырысына Серіктестіктің Қадағалау кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысса, шешім қабылдауға құқылы.

Қадағалау кеңесі төрағасының қалауы бойынша Қадағалау кеңесінің оның қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауы сырттай дауыс беру арқылы мүмкін болады.

Жарғының 55-тармагының 2), 11) тармақшаларында айқындалған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдауға болмайды.

Қадағалау кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беру Қадағалау кеңесінің хатшысы жасаған шешім жобасына Қадағалау кеңесі мүшелерінің қолдарын жинау арқылы жүргізіледі.

Қадағалау кеңесінің сырттай отырысының шешімі Қадағалау кеңесі мүшелерінің осы шешімді қабылдау үшін жеткілікті мөлшерде қолдары болған кезде жарамды деп танылады.

53. Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын төрағаның нұсқауы бойынша немесе Қадағалау кеңесінің шешіміне сәйкес Қадағалау кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

54. Тексеру комиссиясы (Тексеруші) болмаған жағдайда Қадағалау кеңесі Тексеру комиссиясының (Тексерушінің) барлық құқықтарына ие болады.

55. Қадағалау кеңесінің құзыретіне келесі мәселелерді шешу жатады:

1) Серіктестіктің қаржылық есептілігін алдын ала бекіту, Серіктестіктің тоқсандық, жартыжылдық немесе жылдық қызметінің нәтижелері бойынша алынған таза табысын бөлу тәртібі туралы, сондай-ақ өткен кезеңдер үшін бөлінбеген пайданы бөлу бойынша Жалғыз қатысушыға ұсыныстар беру;

2) Серіктестіктің бюджетін және бизнес-жоспарын бекіту, оларға түзетулер енгізу және оның орындалуына мониторинг жүргізу;

3) Серіктестік (оның филиалдарын және (немесе) өкілдіктерін қоса алғанда) қызметкерлерінің жалпы санын және Серіктестіктің ұйымдық құрылымын бекіту;

4) лауазымдық айлықақы мөлшерін, еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын анықтау, Баскарма мүшелерін және Бас директорды (Басқарма төрағасын) әлеуметтік қолдау, лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер схемасын, еңбекке ақы төлеу қағидаларын бекіту;

5) кадр, әлеуметтік саясатты, ақшаны басқару саясатын бекіту;

6) Серіктестік қызметінің басым бағыттарын айқындау, Серіктестікті дамыту стратегиясын (жоспарын) бекіту, сондай-ақ Серіктестікті дамыту стратегиясын (жоспарын) іске асыру мониторингін жүзеге асыру;

7) филиалдар және (немесе) өкілдіктер туралы Ережелерді бекіту;

8) Серіктестіктің бюджеті мен бизнес-жоспарын қалыптастыру, бекіту, түзету және мониторингтеу тәртібін бекіту;

9) Қадағалау кеңесінің хатшысын тағайындау, өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ лауазымдық жалақысының мөлшерін (Қадағалау кеңесі Хатшысының функциялары Серіктестіктің қызметкеріне жүктелген жағдайда, қосымша ақының мөлшерін), Қадағалау кеңесі Хатшысының енбегіне ақы төлеу, сыйлықақы беру және әлеуметтік қолдау шарттарын айқындау, оның қызметін бағалау;

10) Қадағалау кеңесі бекітетін тізбе бойынша Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Жалғыз қатысушы мен Басқарма бекітетін құжаттарды қоспағанда) бекіту, оларға зертестер және (немесе) толықтырулар енгізу, сондай-ақ Байқау кеңесі бекіткен құжаттардың күші мойылды деп тану;

11) **500 000 000 (бес жұз миллион) теңгеден** бастап қоса алғанда **20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңгеге** дейінгі сомаға Серіктестіктің қаржылық міндеттемелерін (қарыздар, қаржылық сөзмек, қаржылық кепілдіктер және кредит беруші Жалғыз қатысушы және/немесе оның еншілес

ұйымы болып табылатын жағдайларды қоспағанда, Серіктестіктің қаржылық борышын ұлғайтатын кез келген басқа да міндеттемелер) ұлғайту туралы шешім;

12) акциялары (жарғылық капиталға қатысу үлестері) меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен Серіктестікке тиесілі заңды тұлғалар акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналышының айрықша құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

13) Серіктестіктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Серіктестік қызметінің негізгі көрсеткіштерінің корпоративтік және уәждемелік (функционалдық) карталарын, Серіктестік бас директорының (Басқарма төрағасының) және Басқарма мүшелерінің корпоративтік және уәждемелік (функционалдық) карталарын және олардың нысаналы мәндерін, Серіктестік қызметінің түйінді көрсеткіштерінің корпоративтік және уәждемелік (функционалдық) карталарының қорытынды нәтижелілігін бекіту;

14) Қадағалау кеңесінің жұмыс жоспарын бекіту;

15) келесі есептерді бекіту:

а) Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары туралы, Серіктестік бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есеп;

ә) еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелерінің Серіктестік қызметінің көрсеткіштеріне әсері туралы жартыжылдық және жылдық есептер;

16) тәуекелдерді басқару саласындағы стратегияны айқындау, саясаттарды және негіз қалаушы нормативтік құжаттарды, ішкі бақылау жүйесін, қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесін бекіту, тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйесінің сақталуын қамтамасыз ету және тиімділігін бағалау;

17) басқа ұйымдардағы Бас директордың (Басқарма төрағасының) және Басқарма мүшелерінің қоса атқаратын жұмысын келісу;

18) Қадағалау кеңесі тағайындауды, лауазымнан босатуды, ауыстыруды, қызметін бағалауды жүзеге асыратын Серіктестіктің негізгі лауазымдарының тізбесін бекіту;

19) Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларын тағайындау және қызметтен босату;

20) аудитті Заңға сәйкес жүргізу міндетті болмаған жағдайда Серіктестіктің қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды анықтау;

21) Заңнамада және (немесе) Жарғыда көзделген, Жалғыз қатысушының ерекше құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер, оның ішінде Жалғыз қатысушы, Қадағалау кеңесі және (немесе) "Самұрық-Қазына"АҚ бекіткен (қабылдаған) құжаттармен (шешімдермен) Қадағалау кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелер.

10-БАП. БАСҚАРМА

56. Серіктестіктің ағымдағы қызметіне басшылық жасауды және оның ісін жүргізуі Серіктестіктің бас директоры (Басқарма төрағасы) басқаратын Серіктестік басқармасы жүзеге асырады.

57. Серіктестік басқармасының құзыретіне Серіктестіктің басқа органдарының құзыретіне жатпайтын, заңнамада, Жарғыда немесе ішкі құжаттарда айқындалған Серіктестік қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері, оның ішінде:

1) Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігін дайындауды және алдын ала бекіту үшін Қадағалау кеңесіне ұсынуды жүзеге асырады, Қадағалау кеңесіне Серіктестіктің тоқсандық жартыжылдық немесе жылдық қызметінің нәтижелері бойынша алынған таза табысын бөлу тәртібі туралы, сондай-ақ өткен кезеңдер үшін бөлінбеген пайдасын бөлу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

- 2) Жалғыз қатысушыға Серіктестіктиң филиалдарын құру және жабу, өкілдіктерін ашу және жабу туралы ұсыныстар енгізеді;
- 3) филиалдар мен өкілдіктердің, еншілес және тәуелді ұйымдардың, сондай-ақ бірлесіп бақыланатын ұйымдардың жұмысын үйлестіреді;
- 4) Серіктестік жұмыскерлерінің (оның филиалдарын және (немесе) өкілдіктерін қоса алғанда) жалпы саны, Серіктестіктиң ұйымдық құрылымы және лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер схемасы, Серіктестік жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу қағидалары бойынша ұсыныстар әзірлейді;
- 5) Серіктестіктиң штат кестесін бекітеді;
- 6) Жалғыз қатысушы, Қадағалау кенесі бекітетін құжаттарға жатпайтын Серіктестіктиң ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекітеді;
- 7) Серіктестік қызметінің басым бағыттары, Серіктестіктиң дамыту стратегиясы (жоспары) бойынша ұсыныстарды әзірлейді, макұлдайды және Қадағалау кенесіне ұсынады;
- 8) Серіктестіктиң дамыту стратегиясын (жоспарын) іске асыруды жүзеге асырады, олардың орындалуына жауапты болады, сондай-ақ жыл сайын "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ ішкі құжаттарында белгіленген мерзімдерде Қадағалау кенесіне Серіктестіктиң дамыту стратегиясының (жоспарының) орындалуы туралы есеп береді;
- 9) Серіктестікте бухгалтерлік есепті ұйымдастырады;
- 10) Серіктестіктиң есеп саясатын және салықтық есеп саясатын және Серіктестіктиң өзге де саясаттарын әзірлеуді және Серіктестіктиң уәкілетті органына бекітуге ұсынуды қамтамасыз етеді;
- 11) Қадағалау кенесі бекітетін саясат пен ішкі құжаттарды қоспағанда, тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарды бекітеді;
- 12) тәуекел дәрежесінің сакталуына және тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және Серіктестікте қызметтің үздіксіздігі жүйелерінің тиімді жұмыс істеуіне жауапты болады;
- 13) Қадағалау кенесін уақтылы хабардар етеді және Серіктестіктиң негізгі тәуекелдерінің жай-күйі туралы, сондай-ақ ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеу тиімділігі және қызметтің үздіксіздігі туралы есептілікті ұсынады;
- 14) Жалғыз қатысушы, Қадағалау кенесі шешімдерінің, Серіктестіктиң, құрылымдық белімшениң не Серіктестік тәуекелдерін басқаруды ішкі бақылауға жауап беретін тұлғаның жылдық қаржылық есептілігіне аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның ұсынымдарының орындалуына мониторингті жүзеге асырады;
- 15) стратегиялық (бизнес) бастамалар тізбесін, сондай-ақ Серіктестік бюджетін қоса алғанда, Серіктестіктиң бизнес-жоспарының жобасын әзірлейді, макұлдайды және Серіктестіктиң Қадағалау кенесіне ұсынады;
- 16) Қадағалау кенесіне мынадай есептерді ұсынады:
- a) Серіктестіктиң қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары туралы, Серіктестік бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есеп;
- b) еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметінің Серіктестік қызметінің көрсеткіштеріне әсері туралы жартышылдық және жылдық еншілес және тәуелді ұйымдардың аудиттеген есептілігін ұсынғаннан кейін бір ай ішінде;
- 17) Жалғыз қатысушыға, Қадағалау кенесінің мүшелеріне белгіленген тәртіппен Серіктестіктиң қызметі туралы акпарат береді;
- 18) қажет болған жағдайда Басқарма жаңындағы комитеттерді құрады және таратады және туралы ережелерді бекітеді;
- 19) Серіктестік қызметінің заңнамаға сәйкестігін қамтамасыз етеді;
- 20) Жалғыз қатысушы осы Жарғыда көзделген тәртіппен макұлдаған (келіскең) жағдайда Серіктестіктиң құны Серіктестіктиң меншікті капиталы мөлшерінің 2 пайзызынан асатын мәмілелер

жасауы туралы шешімдер қабылдайды. Бұл ретте, Серіктестіктің нәтижесінде құны нафроэкономикалық көрсеткіштердің болжамында айқындалған бағам бойынша теңгемен **110 000 000** (бір жұз он миллион) АҚШ долларына баламалы шектен асатын мүлікті сатып алатын немесе шектен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасауы (базалық сценарий) тиісті кезеңде "ҚазМұнайГаз" ҮК АҚ Директорлар кеңесімен келісу бойынша жүзеге асырылады», алайда шикі мұнай және (немесе) газ конденсаты және (немесе) өндөу өнімдерін өндөу жөніндегі шарттарды қоспағанда;

21) **500 000 000** (бес жұз миллион) теңгеге дейінгі сомаға Серіктестіктің қаржылық міндеттемелерін (қарыздар, қаржылық көмек, қаржылық кепілдіктер және кредитор Жалғыз қатысушы және/немесе оның еншілес ұйымы болып табылатын жағдайларды қоспағанда, Серіктестіктің қаржылық борышын арттыратын кез келген басқа да міндеттемелер) ұлғайту туралы шешім;

22) "ҚазМұнайГаз" ҮК АҚ және "Самұрық-Қазына" АҚ тиісті құжаттарында белгіленген осылай жобаларды іске асыруға қойылатын талаптарды сақтағаннан кейін Серіктестіктің инвестициялық жобаларды іске асыруы туралы шешімдер қабылдайды;

23) Серіктестік қызметкерлерін даярлау және олардың біліктілігін арттыру бағдарламаларын бекітеді;

24) қызметтік іссапарларға жіберілетін Серіктестік жұмыскерлерінің шығыстар нормативтерін айқындайды;

25) Басқарманың бастамасы бойынша Жалғыз қатысушының және (немесе) Қадағалау кеңесінің карауына шығарылатын мәселелерді мақұлдайды;

26) Серіктестіктің қаржы есептілігіне аудит жүргізу үшін Заңға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес анықталған аудиторлық ұйым қызметтерін төлем мөлшерін белгілеу;

27) заңнамада және (немесе) Жарғыда көзделген, Жалғыз қатысушының және (немесе) Қадағалау кеңесінің ерекше құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер, оның ішінде Жалғыз қатысушы, Қадағалау кеңесі, Басқарма және (немесе) "Самұрық-Қазына" АҚ бекіткен (қабылдаған) құжаттармен (шешімдермен) Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелер.

58. Басқарма Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы мен Қадағалау кеңесінің шешімдерін орындауга міндетті.

59. Басқарма мүшелерінің сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін Серіктестіктің Жалғыз қатысушысы белгілейді.

60. Басқарма мүшелері өз міндеттерін орындау кезінде Серіктестік мүддесі үшін адал және шрасатты әрекет етуге тиіс.

61. Басқарма мүшелерін Жалғыз қатысушы 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге сайлайды.

Серіктестік Басқармасының мүшесі ретінде тек жеке тұлға ғана әрекет ете алады.

Бас директорды (Басқарма төрағасын) қоспағанда, Серіктестік Басқарма мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бүрын тоқтатылған және Басқарманың жаңа мүшесі сайланған (тагайындалған) шартында, соңғысының өкілеттігі тұтас алғанда Серіктестік Басқармасының өкілеттік мерзімі шекталуымен бір мезгілде аяқталады.

62. Серіктестіктің бас директоры (Басқарма Төрағасы) мен Басқарма мүшелері осы Жарғының 55-тармақ 17-тармақшасының талаптарын ескере отырып, Серіктестіктің Қадағалау кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

63. Серіктестік Басқармасының мүшелері Серіктестікке қатысушылардың кез келгенінің шартында бойынша олардың Серіктестікке келтірген залалдарын өтеу бойынша жауаптылыққа шартты мүмкін. Бұл ретте, олар Серіктестікті бірлесіп тиісінше басқармауынан туындаған шығындар үшін ортақтасып жауап береді.

64. Серіктестік Басқармасы мүшелерінің тиісінше жүзеге асырмаянан туындаған Серіктестіктің дәрменсіздігі (банкроттығы) салдарынан осы адамдар шеккен залалдар үшін Серіктестік Басқармасының мүшелері үшінші тұлғалар алдында Серіктестікпен бірге субсидиарлық жаушылықта ортақтасып тартылуы мүмкін.

65. Басқарма мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері заңнамада, осы Жарғыда, сондай-ақ олардың әрқайсысы Серіктестікпен жасасатын еңбек шартында айқындалады.

Серіктестіктің атынан Бас директормен (Басқарма төрағасымен) еңбек шартына Қадағалау тәржемесін төрағасы немесе оған Серіктестіктің Жалғыз қатысуышы уәкілеттік берген адам қол жеткізу.

Серіктестік атынан Басқарма мүшелерімен еңбек шартын Жалғыз қатысуышының шешіміне жауапкершілігінің жалакы мөлшерін белгілей отырып, Серіктестіктің бас директоры (Басқарма төрағасы) жасасады.

Бас директормен (Басқарма төрағасымен) және Басқарма мүшелерімен жасалған еңбек шарттарында олардың материалдық көтермелесеуі мен жауапкершілігінің Серіктестіктің Жалғыз қатысуышы бекіткен Серіктестік қызметінің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуге тікелей жаңадан көзделуге тиіс.

66. Серіктестік Басқармасының мүшелеріне тыйым салынады:

1) Жалғыз қатысуышының келісімінсіз Серіктестікпен одан мұліктік пайда алуға бағытталған мәмілелер (сыйға тарту, қарыз алу, өтеусіз пайдалану, сатып алу-сату шарттарын және т. б. қоса шарттарында) жасасуға құқылы;

2) Серіктестіктің үшінші тұлғалармен жасаған мәмілелері үшін Серіктестіктің өзінен де, тұлғалардан да комиссиялық сыйақы алуға құқылы;

3) Серіктестікпен қатынастарда үшінші тұлғалардың атынан немесе олардың мұдделері үшін шарттарында жасасуға құқылы;

4) Серіктестік қызметімен бәсекелесетін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқығы бар.

Осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында көзделген шектеулер Серіктестік Басқармасы мүшелерінің жұбайына, барлық тікелей тәмендейтін және көтерілетін туыстарына, сондай-ақ тұған шарттарында мен апа-сіңлілеріне де қолданылады.

Серіктестіктің Жалғыз қатысуышы Басқарма мүшелерінің немесе олардың осы тармақта шарттарында көзделген туыстарының осы тармақта көзделген тыйым салуларды бұзуды не тиісінше осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында көзделген залалдарды Серіктестікке өтеуін сotta талап етуге мүмкін.

67. Басқарма айына кемінде 1 (бір) рет жиналады. Басқарманың отырысы, егер оған Басқарма мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, жарамды деп есептеледі.

68. Басқарманың әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Басқарма қарайтын мәселелер шешімдер көпшілік дауыспен қабылданады. Қаралып отырған мәселе бойынша дауыстар болған жағдайда, Серіктестіктің Басқарма Төрағасы дауыс берген шешім қабылданады.

69. Басқарма отырысында хаттамалар жүргізіледі, оған Серіктестік басқармасының отырысында тұрақты негізде сайланатын Басқарманың барлық мүшелері мен хатшысы қол қояды.

70. Серіктестік Басқармасының жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақыру мен тартибі, сондай-ақ Серіктестік Басқармасының өзге де өкілеттіктері Серіктестіктің Жалғыз қатысуышы бекітетін Серіктестіктің ішкі құжатымен айқындалады.

71. Бас директор (Басқарма төрағасы) Серіктестіктің бірінші басшысы болып табылады және Басқарма қызметіне басшылықты жүзеге асырады.

72. Бас директор (Басқарма төрағасы) мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Басқарманы басқарады;

2) Жалғыз акционердің, Серіктестіктің Қадағалау кеңесі мен Басқармасының шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

3) шарттарға, кепілдіктерге қол қоюды қоса алғанда, үшінші тұлғалармен қатынастарда Серіктестік атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

4) Осы тармақтың 5) тармақшасында көрсетілген мәмілелерді жасау жөніндегі құқықтарды қоса алғанда, үшінші тұлғалармен қатынастарда Серіктестіктің атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;

5) белгіленген тәртіpte өткізілген сатып алу үдерістерінің қорытындылары бойынша мәмілелер, мүліктік емес сипаттағы мәмілелер, сонымен қатар нәтижесінде Серіктестік құны **250 000 000 (екі жұз миллион) теңгеге** дейін құрайтын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) өзге де мәмілелер немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасайды, алайда Заңмен және (немесе) Жарғымен Серіктестіктің басқа органдарының құзыретіне енетін мәмілелерді қоспағанда. Бұл ретте, Серіктестіктің нәтижесінде құны макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамында айқындалған бағам бойынша теңгемен **110 000 000 (бір жұз он миллион) АҚШ долларына** баламалы шектен алатын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілені немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасауы (базалық сценарий) түсті кезеңде "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ Директорлар кеңесімен келісу бойынша жүзеге асырылады», алайда шикі мұнай және (немесе) газ конденсаты және (немесе) өндіреу өндіреу жөніндегі шарттарды қоспағанда;

6) Серіктестіктің қызметкерлерін (Басқарма мүшелері болып табылатын қызметкерлерді, Қадағалау кеңесінің хатшысын қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Серіктестіктің штат кестесіне сәйкес Серіктестік жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес ұстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Басқарма мүшелері болып табылатын қызметкерлерді, Қадағалау кеңесінің хатшысын қоспағанда, Серіктестік жұмыскерлері сыйлықақыларының мөлшерін айқындейды;

7) өзі болмаған жағдайда бұйрық негізінде өз міндеттерін орындауды Серіктестік Басқармасы мүшелерінің біріне жүктейді;

8) Серіктестіктің Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік саласын және жауапкершілікті бөледі;

9) Серіктестіктің жұмыс тәртібін белгілейді;

10) Серіктестіктің ағымдағы және перспективалық жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын қамтамасыз етеді;

11) Жалғыз қатысушы, Қадағалау кеңесі алдында Серіктестіктің жұмысы үшін жауапты болады;

12) Серіктестіктің және оның бөлімшелерінің банктік және басқа шоттарын ашуға құқығы бар;

13) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, өкімдер береді;

14) Басқарма отырыстарын шақырады және Басқарма мүшелеріне отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша қажетті материалдарды ұсынуды ұйымдастырады;

15) өз құзыреті шегінде Серіктестіктің қызметкерлерін мүліктік жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдайды;

16) Серіктестіктің ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешім қабылдайды;

17) Серіктестіктің ағымдағы қызметіне қатысты, Жалғыз қатысушының, Қадағалау кеңесінің, Серіктестік Басқармасының ерекше құзыретіне жатпайтын және заннама мен Серіктестік

~~Жарысъына қайшы келмейтін міндеттерді орындау үшін қажетті барлық қалған мәселелер бойынша
шешімдер кабылдайды.~~

11-БАП. ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ (ТЕКСЕРУШІ)

73. Қажет болған кезде Серіктестік атқарушы органының қаржы-шаруашылық қызметіне
~~бакылауды жүзеге асыру үшін Жалғыз қатысушы айқындаған құрамда, бірақ 3 (үш) жылдан~~
~~жеткізген мерзімге Жалғыз қатысушы Тексеру комиссиясын (Тексерушіні тағайындауды) құруы~~
~~шартынан~~.

74. Тексеру комиссиясының мүшелері (Тексеруші) бір мезгілде Басқарма төрағасы немесе
~~мүшесі~~ дауазымын атқара алмайды.

75. Тексеру комиссиясы (Тексеруші) кез келген уақытта Серіктестіктің қаржы-шаруашылық
~~қызметіне~~ тексеру жүргізуге құқылы және осы мақсат үшін Серіктестіктің барлық құжаттамасына
~~жол~~ жеткізу құқығына ие болады. Тексеру комиссиясының (Тексерушінің) талап етуі
~~бойынша~~ Басқарма төрағасы немесе мүшесі ауызша немесе жазбаша нысанда қажетті түсіндімелер
~~беруге міндетті.~~

76. Тексеру комиссиясы (Тексеруші) Жалғыз қатысушы бекіткенге дейін Серіктестіктің
~~жоғары~~ қаржылық есептілігіне міндетті түрде тексеру жүргізеді. Жалғыз қатысушы жылдық
~~жоғарылық~~ есептілікті Тексеру комиссиясының (Тексерушінің) корытындысының не белгіленген
~~шартынан~~ тартилатын аудитордың қорытындысының бекітүге құқылы емес.

77. Тексеру комиссиясының (Тексерушінің) жұмыс тәртібі Жарғыда, сондай-ақ
~~Серіктестіктің~~ ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарда айқындалады.

78. Серіктестіктің қызметін жетілдіру мақсатында Серіктестіктің қаржы-шаруашылық
~~жоғарылық~~ бакылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы бағалауды, корпоративтік
~~басқару~~ саласындағы құжаттардың орындалуын бақылауды "КазМұнайГаз" ҰК АҚ
~~шартынан~~ ішкі аудит қызметі де жүзеге асыра алады.

12-БАП. СЕРІКТЕСТИКТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ ЖӘНЕ АУДИТІ

79. Құнтізбелік жыл Серіктестіктің қаржы жылы болып табылады (1 қантардан 31
~~жыныс~~ дейін). Серіктестіктің бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау
~~шартынан~~ Казақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы
~~шартынан~~ не белгіленеді.

80. Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігінің, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жай-
~~шартынан~~ дұрыстығын тексеру және растау үшін Серіктестік Серіктестікпен, Басқармамен, Қадағалау
~~шартынан~~ немесе Жалғыз қатысушымен мүліктік мүдделермен байланысы жоқ аудиторлық ұйымды
~~шартынан~~ аудит (тартуға құқылы).

81. Жалғыз қатысушы өз есебінен Серіктестіктің қаржылық есептілігіне аудит жүргізуді
~~шартынан~~ етүте құқылы.

82. Егер Басқарма аудит міндетті болған кезде не оны жүргізуді Жалғыз қатысушы талап
~~шартынан~~ кезде Серіктестіктің қаржылық есептілігіне аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген
~~шартынан~~ тұлғаның не Жалғыз қатысушының өтініші бойынша қабылданған сот шешімімен
~~шартынан~~ датуы мүмкін.

83. Серіктестік есепке алу мен есептілікті жүргізу тәртібі мен дұрыстығын сақтау үшін
~~шартынан~~ сәйкес жауапты болады.

13-БАП. СЕРІКТЕСТИКТІҢ ТАЗА ТАБЫСЫН БӨЛУ

84. Серіктестіктің кірісі қаржылық есептілік негізінде оның тоқсандық, жартышылдық немесе жылдық қызметінің нәтижелері бойынша айқындалады.

85. Серіктестіктің бір жылғы қызметінің нәтижелері бойынша алған таза табысы Жалғыз қатысушының тиісті жылғы Серіктестік қызметінің нәтижелерін бекіту туралы шешіміне сәйкес болінеді. Қажет болған жағдайда Жалғыз қатысушы қаржылық есептілікті бекітуге және таза кірісті тоқсанның немесе жартышылдың қорытындылары бойынша бөлуге құқылы.

86. Жалғыз қатысушы таза табысты немесе оның бір белгін Жалғыз қатысушыға бөлуден ашып тастау туралы шешімін қабылдауға құқылы.

87. Төлемді Серіктестік Жалғыз қатысушы таза табысты бөлу туралы шешім қабылдаған күннен бастап бір ай ішінде ақшалай нысанда жүргізуғе тиіс.

88. Серіктестіктің Жалғыз қатысушыға Серіктестіктің барлық жарғылық капиталы толық төленгенге дейін табысты бөлуге құқығы жоқ.

14-БАП. СЕРІКТЕСТИКТІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ, ТАРАТУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТИН ТОҚТАТУ

89. Серіктестікті қайта ұйымдастыру, тарату және оның қызметін тоқтату Заңнамада көзделген тәртіп пен негіздер бойынша жүзеге асырылады.

15-БАП. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

90. Егер Жарғының ережелерінің бірі жарамсыз болса, онда бұл қалған ережелерді көзгамайды. Жарамсыз ереже мағынасы жағынан жақын және құқықтық жағынан жол берілетін ережемен ауыстырылады.

91. Жарғымен реттелмеген барлық мәселелер Заңнамамен реттеледі.



Мансура Ахметова Осмаевна Даңғадаевас

УТВЕРЖДЕН
решением Единственного участника
товарищества с ограниченной ответственностью
«Павлодарский нефтехимический завод»,
протокол заседания Правления АО НК «КазМунайГаз»

№ 18 от «27» Д5 2021 года



**УСТАВ
ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
«ПАВЛОДАРСКИЙ НЕФТЕХИМИЧЕСКИЙ ЗАВОД»**

г. Павлодар
2021 год

СТАТЬЯ 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1. Товарищество с ограниченной ответственностью «Павлодарский нефтехимический завод» (далее – Товарищество) создано в соответствии с законодательством Республики Казахстан, является юридическим лицом и осуществляет свою деятельность на основании и в соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» (далее – Закон), другими нормативными правовыми актами Республики Казахстан (именуемые далее – Законодательство) и настоящим уставом (далее – Устав).

2. Единственным участником Товарищества является акционерное общество «Национальная компания «КазМунайГаз» (далее – Единственный участник), созданное и действующее согласно Законодательству, расположение по адресу: Республика Казахстан, 000000, город Нур-Султан, Есильский район, ул. Дінмұхамед Қонаева, здание 8.

Банковские реквизиты: БИН 020240000555; банковский счет в национальной валюте «тенге» № KZ35601011100002033 в АО «Народный Банк Казахстана», SWIFT/БИК HSBKKZKX; КБ №.

3. Товарищество использует любое из следующих фирменных наименований:

полное наименование на государственном языке - «Павлодар мұнайхимия зауыты» жаңашаршылігі шектеулі серіктестігі, сокращенное - «ПМХЗ» ЖШС;

полное наименование на русском языке - Товарищество с ограниченной ответственностью «Павлодарский нефтехимический завод», сокращенное - ТОО «ПНХЗ»;

полное наименование на английском языке - «Pavlodar Oil Chemistry Refinery» limited liability partnership, сокращенное - «POCR» LLP.

4. Место нахождения и адрес Товарищества: 140000, Республика Казахстан, Павлодарская область, город Павлодар, улица Химкомбинатовская, дом 1.

5. Срок деятельности Товарищества не ограничен.

СТАТЬЯ 2. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС ТОВАРИЩЕСТВА

